

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**«Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін
дамыту»
жалпы мектептердің мұғалімдеріне арналған**

Бағдарлама авторы:

Сарыбекова Қ.Н.- «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру»
кафедрасының п.ғ.к., доценті

Бағдарлама келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды ескере отырып әзірленген:

«Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы келесі құқықтық-нормативтік құжаттар негізінде жасалды: “Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жыл 4 мамырдағы №175 бұйрығына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №726 бұйрығы, «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Педагог туралы» Заңдарға және басқа да заңнама актілері.

Бағдарламаның тақырыптық-күнтізбелік жоспарын әзірлеу барысында келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидалары» туралы №377 бұйрығы (25.08.2022), ҚР Білім және ғылыми министрлігінің «Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары» №4 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» №6 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бүгінгі таңда кәсіпқойлық – маманның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды шарты, өзіндік кепілі, ұлттық еңбек нарығының тиімді жұмыс істеуінің негізгі факторы болып табылады. Осыған байланысты білім беру мен тәрбиелеу салалары үшін білімді және жоғары білікті мамандар ұлттық еңбек нарығындағы мемлекеттік саясаттың ажырамас құрамдас бөліктерінің біріне айналуға. Бұдан бөлек, білім берудің басым міндеті қазақстандық білім беру мен тәрбиенің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. ҚР Президенті Қасым – Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халқына жолдауында еліміздің болашағын қазақстандықтардың әлеуетін ашу үшін жаңа мүмкіндіктер құрумен байланыстыра келе, қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде педагогтердің білімі еңбек нарығында жеткіліксіз болып қалу мүмкіндігін алға тартып, құзырлы министрліктің алдында жаһандану мәселелерін жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұрғанына тоқталды. Жаһандану, өз кезегінде, бұл – жан-жақты, кең ауқымды үрдіс. Оны біз халықаралық қатынастарды, экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени үрдістерді интернационалдандырудың қазіргі кезеңі ретінде қарастырамыз. Білім беру жүйесінде жаһандану үрдісінің нәтижесінде «жаһандық білім беру», ұғымы пайда болды. Жаһандық білім беру-бұл педагогтерге өз ойлары мен өзара байланысты жаһандық қоғамдағы өзіндік рөлімен бөлісуге және әлеуметтік, экологиялық, саяси және экономикалық күрделі мәселелердің байланысын түсіне отырып, талқылау үшін ойлаудың жаңа тәсілдерін қалыптастыру мүмкіндігі. Жаһандану білімге, технологияларға, әлеуметтік құндылықтар мен мінез құлық нормаларына ұжымдық иелік ету үшін, сондай-ақ адам әлеуетінің дамуын әртүрлі деңгейлерде, соның ішінде жеке тұлғаларды, ұйымдарды, әлеуметтік топтарды және жалпы қоғамды-әртүрлі елдер мен мәдениеттерде жүзеге асыру үшін үлкен мүмкіндіктер береді.

Жаһанданудың артықшылықтарына мыналар жатады: әртүрлі деңгейлерде алуан түрлі даму үшін қажетті білімді, дағдыларды және зияткерлік ресурстарды әлемдік ауқымда бөлісу; елдердің, қоғамдастықтардың және жекелеген жеке тұлғалардың даму процесінде үйлесімді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін келісілген іс-әрекеттер мен қаржылық көмек; жоғарыда аталған білімді, дағдыларды, зияткерлік ресурстарды Дүниежүзілік бөлісу арқылы құндылықтар жасау және тиімділікті арттыру жергілікті қажеттіліктерді қанағаттандырудағы және экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі ресурстар мен өзара қолдау; елдер мен өңірлер арасындағы мәдени айырмашылықтарды халықаралық түсіну, ынтымақтастық, келісу және тану үшін қолайлы жағдайлар жасау; көп арналы байланыстар мен өзара іс-қимылды дамыту, сондай-ақ түрлі мәдениеттердің елдер арасындағы қатынастарды дамытуға қосқан үлестерін көтермелеу. Осы бағытта әдіснамалық және теориялық негіздері анықталған арнайы әдістемелік жүйе жасалынуы уақыт талабымен үндес келіп отыр.

Ұсынылып отырған «Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы осы міндеттерді шешуге бағдарланған.

2. ГЛОССАРИЙ

Әлеумет (лат.socium – ортақ)- әлдебір мәнді қарым-қатынастағы адамдардың өмір сүру жағдайларының бірлігімен сипатталатын тұрақты да үлкен қауым.

Әлеуметтік позиция -әлеуметтік құрылымдар, топтар мен ұйымдардың қарамағында және қоғамдық еңбекті бөлу жүйесінде адамның алатын орны.

Бай– ірі жер иеленуші, мал бағушы, саудагер.

Билік –адамның, топтың, әртүрлі таптардың іс-әрекеттеріне шешуші әсер ететін, идеологияға ықпалының негізінде және ұйымдастырушы құқықтар арқылы жүзеге астын механизм.

Босқындар– қоғамда белгілі бір күштердің (саяси, экономикалық, этникалық қысым, соғыс, табиғи апат) қысымына қарсы тұруға, төзуге шарасыз болудың әсерінен өз елінен басқа бір елге көшуге мәжбүр болған адамдар.

Босқыншылық– қалыптасқан саяси-әлеуметтік, экономикалық және табиғи – климаттық ауыр ахуалдарға, апаттарға байланысты адамдардың атақоныстарынан, тұрғылықты мекендерінен амалсыз босып, ауа көшулері.

Вандализм –Риммен қатыгездік сипатта соғысқан ежелгі германдық вандал тайпаларының атынан қалған., мәдени қиратушылықты сипаттайтын ұғым. 455 ж. Вандалдар Римді жаулап алып, ондағы көптеген құнды өнер ескерткіштерін жойған. Сол себепті вандал деп надан, варвар, мәдени құндылықтарды қиратушы адамды айтады.

Вице – президент -президенттен кейінгі өкілетті кісі.

Геноцид – Нәсілдік, ұлттың және діни белгілеріне қарай халықтың жекелеген топтарын жою.

Гегемон– қолбасшы, көсем.

Даму – табиғи өзгеру, бір күйден екінші неғұрлым жетілдірілген күйге ауысу, ескі сапалық күйден жаңаға, қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға көтерілу үрдісі.

Демография – халық, халықтың саны, өзгерісі туралы ғылым; демография халық санын, оның географиялық бөлінісін, құрамын, халық құрамын, қозғалысының әлеуметтік – экономикалық және мәдени факторға тәуелділігін зерттейді.

Дін– дүниеге көзқарас және дүниені сезіну, сонымен қатар құдайдың бар екенінен туындайтын сенімге негізделген спецификалық әрекет.

Демократия– халық билігі, саяси құрылыс, онда халық билігінің тәсілдері мен түрлері бекітіліп, тәжірибе жүзінде іске асырылады.

Депортация– жеке адамдарды, халықтарды (олардың бір бөлігін) еріксіз, күшпен жер аудару. Мысалы: бұрынғы Кеңестер Одағында неміс, шешен, ингуш және басқа халықтар жер аударылып, осындай халге душар болды.

Диктатура – лат.шексіз билік – тұлғаның топтың, таптың шексіз билігі. Лидері бар белгілі бір адамдар тобы іске асыратын саяси, экономикалық, идеологиялық билік.

Динамикалық қозғалыстағы интеграция – жекелеген элементтердің біртұтастықты құрауға кірігу үдерісі.

Диктатор – заңмен санаспай, күштеу мен қудалауға сүйенетін шексіз билеп төстеуші.

Дискриминация – жекелеген тұлғалардың немесе топтардың белгілеріне қарай құқығын қорғау.

Жаһандану – әлемнің әр түкпіріндегі елдер мен қоғам арасындағы құндылықтарды, білімді, технологияны және мінез-құлық ережелерін білу, бейімдеу және дамытуға қатысты процес.

Жаһандық білім беру – адамдарға қазіргі әлемнің күрделі болмысы мен жүйелерін түсінуге және өзара байланысты әлемнің қиындықтарына төтеп беруге мүмкіндік беретін құндылықтарды, көзқарастарды, білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған процесс.

Зерттеушілік - заманауи психологиялық-педагогикалық технологияларды, ғылыми негізделген қолдау бағдарламаларын әзірлеу және қолдану, оқушылармен жұмыс жасаудың жаңа құралдары мен әдістерін іздестіруге, диагностикалық әдістерді бейімдеуге қабілетті болу, практикада қолдану

Интеграция – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі педагогикалық техника – мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы мазмұнының үйлесімді бірлігіне әсер ететін тәсілдер жиынтығы

Интегративтік курс – міндетті оқылатын пәндердің білім мазмұны негізінде мұғалімнің бір тақырып бойынша бірнеше пәннен біріктіріп әзірлеген факультативтік курсы.

Қабылдау - заттар мен құбылыстардың миымызда «тұтастықта» бейнеленуі болып табылады.

Қарым-қатынас – біртұтас материалдық әлеммен детерминденген барлық құбылыстардың өзара байланыстарының қажетті элементі.

Құзырет – практикалық тәжірибенің, шеберліктің және білімнің негізінде әрекет ете білу. Адамның ішкі потенциалы, іс әрекет алгоритімі, құндылықтар мен қатынастар жүйесі.

Құзыреттілік – жоғары оқу орнында оқу нәтижесінде алған білім, білік, дағдыны және кәсіби өзін-өзі дамытуға бағытталған іс-әрекеттің жоғары сапалы болуы үшін қажетті өзара байланысты жеке тұлғаның қасиеттер жиынтығы.

Кәсіби құзыреттілік – адамның жеке-тұлғалық сапамен ұштасқан білім, білік, дағдыларын қандай да бір кәсіби салада қолдана алу қабілеті.

Жаһандық құзыреттілік – жаһандық сипаттағы және мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселелерін әртүрлі көзқарастардан сыни тұрғыдан қарастыру қабілеті.

Кәсіпкерлік - Тәуекелді қалай азайтуға болатынын білу, инновацияның жаңа көздерін іздеу, шығармашылық құралдарды пайдалану және нарыққа бейімдей білу, практикада қолдану

Кейс – адамның белгілі бір қызмет саласында нақты бір орын алған жағдай шеңберіндегі мәселе.

Кейс-технология- ойдан шын және шығарылған жағдайларға негізделген қысқа мерзімді оқытуға арналған интерактивтік технология.

Case-Study (кейс-стади) —функционалдық сауаттылықты қалыптастыру құралы.

Кейс-стади әдісі - оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды.

Мәдениетаралық коммуникация - Өзге мәдениет өкілдерімен шығармашылық, бірлескен және этикалық тұрғыдан қарым-қатынасқа түсу үшін білімділік, танымдық және шығармашылық дағдыларды, құндылықтар мен көзқарастарды жұмылдыра білу.

Педагог-психолог бұл – балалардың әлеуметтік бейімделуіне, олардың психологиялық дамуы мен мінез-құлқына жауап беретін білім беру ұйымының қызметкері.

Сыни ойлау - Ақпараттың құндылығын, сенімділігін, деректілігін, оның ішкі сәйкестігін нақты мәліметтерге, өзінің білімі мен тәжірибесіне сәйкес бағалай білу, практикада қолдану.

Толеранттылық бұл – біреуге ұнамайтын немесе келіспейтін пікірлердің немесе мінез-құлықтың болуына төзімділік немесе дайындық.

Эмпатия - басқа адамдардың құқықтарын тану және құрметтеу, қарым-қатынаста агрессияның болмауы, эмпатия қабілеті, өз мәдениетінің құндылықтарын түсіну арқылы басқа мәдениеттерге құрметпен қарау, өзін-өзі бағалауға қабілетті болу.

Өзін-өзі дамыту - Өзгерістер мен дамуға бейімделе отырып, ақпараттық қоғамға жылжу және трансформацияға қабілетті болу

Шиеленістерді шешу - Халықаралық, азаматтық, қауымдық және тұлғааралық шиеленістердің себептері мен салдарын түсіну және олардың рөлі мен әсерін зерттеу. Шиеленістерді шешудің әртүрлі тәсілдерін және олардың адамдарға, қоршаған ортаға және әлемге әсерін білу.

Шет тілін меңгеру- Тиісті қайнаркөздер мен бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау,бағалау және «фильтрден» өткізу үшін, түрлі деструктивті манипуляцияларға еліктемеу үшін отандық және халықаралық көздерді қолдана білу үшін кем дегенде бір шетел тілін қолдана білу.

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

«Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы мазмұнының жаңашылдығы білім алушылардың функционалдық сауаттылықтың компоненті ретінде жаһандық құзыреттерді зерделеуді көздейді. Аталған құзыреттер білім алушылардың өмірдегі орнын анықтауда маңызды болатын және қоғамдағы өзара қарым-қатынастардың көптеген мәселелерін шешуде дұрыс бағдар беретін әмбебап дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Курстың мазмұны алты тақырыптық бөлімнен тұрады: «Парасаттылық және әдеп», «Азаматтық және патриотизм», «Өмір қауіпсіздігі», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Экологиялық мәдениет»,

«Зайырлылық және дінтану негіздері». Осы мазмұн шеңберінде, біріншіден, әртүрлі жағдайларды бағалау бойынша дағдыларды, тұрақты жеке бағдарларды қалыптастыру, білім алушыға қазіргі заманғы өзекті жеке қасиеттерді бойға сіңіру, екіншіден, білім алушыларда маңызды дағдыларды дамыту үшін жағдайлар жасау: әлемнің жаһандық процестері бойынша білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сыни ұғыну; білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін зерттеу бойынша өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізу; білім және экономикалық мәселелерді шешу; өзгермелі әлемді зерттеу үшін коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану; жаһандық проблемаларды толық және ішінара шешу.

Бірыңғай білім беру кеңістігін құру Болон процесі арқылы жүзеге асырылады. Осы жүйеге кірген біздің еліміз адам капиталын дамытуға бағытталған өзгерістерге қатысады, «жылдам коммуникациялар мен компьютерлік технологиялар есебінен күшейетін бәсекелестікке» қатысады. Жаһандану білімге, технологияларға, әлеуметтік құндылықтар мен мінез құлық нормаларына ұжымдық иелік ету үшін, сондай-ақ адам әлеуетінің дамуын әртүрлі деңгейлерде, соның ішінде жеке тұлғаларды, ұйымдарды, әлеуметтік топтарды және жалпы қоғамды-әртүрлі елдер мен мәдениеттерде жүзеге асыру үшін үлкен мүмкіндіктер береді.

«Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» біліктілікті арттыру курсы 72 сағат көлемінде жоспарланып, жалпы білім беретін мектептің мұғалімдерін, әдіскерлерін, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлерін қамтиды.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Курстың мақсаты. Мінез-құлық мәдениетінің стандарттарына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту. Білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, этикалық нормаларын және мінез-құлық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді. Аталған құзыреттер білім алушылардың өмірдегі орнын анықтауда маңызды болатын және қоғамдағы өзара қарым-қатынастардың көптеген мәселелерін шешуде дұрыс бағдар беретін әмбебап дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл курс әртүрлі пәндер бойынша оқушылардың білімін біріктіруге, сол арқылы түрлі пәндер мұғалімдерінің бірлескен қызметіне мүмкіндік жасауға арналған. Сонымен қатар, мұндай интеграция өмірлік мәселелерді шешудің кең ауқымды тәсілін қалыптастыруға ықпал етеді.

Курстың міндеттері:

- 1) Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігі ұғымының мәнін нақтылау;
- 2) педагогтердің сыни және талдамалық ойлауын, олардың коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту;
- 3) жергілікті, жаһандық проблемалар мен мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді дамыту;

- 4) ақпаратты тану, талдау, бағалау және дәлелдерді тұжырымдау қабілетін қалыптастыру;
- 5) тыңдаушылардың жаһандық оқиғалар мен олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін қалыптастыру;
- 6) тыңдаушының өзіндік мәдени бірегейлігін түсінуге және әлемнің мәдени әртүрлілігін түсінуге ықпал ететін құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- 7) қаржылық, экологиялық мәдениетті дамыту;
- 8) нақты өмірмен байланысты зерттеу арқылы өз ойлауын құра білу қабілетін қалыптастыру.

Курсты оқыту барысында қолданылатын әдістер: дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажоспар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б.

Күтілетін нәтиже: «Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» курсы бағдарламасының теориялық, практикалық және әдістемелік құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін өлшеу үшін курс тыңдаушыларының оқу нәтижелерін бағалау қарастырылады.

Білім беру бағдарламасын меңгеру сапасын бағалау сабаққа қатысуды тұрақты бақылауды, сабақтың әртүрлі кезеңдеріне қатысуды, аудиториядағы басқа тыңдаушылармен қарым-қатынасты, дәреже/жауаптылықты, жаңа идеялар мен шешімдерді ұсынуды қамтиды. Күтілетін нәтижелер эссе-шығармаларда, берілген жағдай бойынша экономикалық есептеулерде, берілген жағдай бойынша кейіпкерлерді бағалауда, жағдайларды талдауда және төтенше жағдайдан шығу жөнінде шешімдер ұсынуда көрініс табуы тиіс. Ағымдағы бақылау нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған тыңдаушылар қорытынды аттестацияға қатысуға жіберілмейді.

Білім беру бағдарламасын игеру қорытынды бағалау Google формасында тестілеумен

аяқталады, ол тыңдаушылардың теориялық және практикалық дайындығын анықтауға бағытталған, қорытынды бағалау бағдарламаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

Тақырып 1. Педагогтердің функционалдық сауаттылығының жаңа компоненті ретіндегі «Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» курсының тұжырымдамалық негіздері.

«Жаһандану», «Жаһандық білім беру» ұғымдарының мәні. Жеке тұлғаны дамыту үшін жаһандық құзыреттіліктердің маңыздылығы. Жаһандық құзыреттілік мәдениетін насихаттау. Зерттеушілік, жобалық, волонтерлік жұмыс дағдыларын қалыптастыру жолдарын анықтау.

Тақырып 2. Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің құрамы мен мәндік сипаттамасы

Жаһандану жағдайында педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамы. Толеранттылық ұғымы. Дүниетанымдық құзырет. Жаһандану

жағдайында педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәндік сипаттамасы.

Тақырып 3. Жергілікті және жаһандық мәселелерді шешу.

Эмпатия мен ынтымақтасу қабілетіне негізделген қарым қатынас этикасын қалыптастыру. Қақтығыстардың мәні мен себептерін түсіну. Аналитикалық және сыни ойлауды және жергілікті және ғаламдық маңызы бар әлеуметтік мәселелерді бағалау дағдысын қалыптастыру. Зерттеу және талдау дағдыларын қалыптастыру экологиялық мәселелер бойынша дәлелдер.

Тақырып 4. Әртүрлі мәдениеттер мен дүниетанымдарды түсіне отырып оқу процесін жүргізу.

Азаматтық позицияны көрсету мақсатындағы педагогтердің көзқарасын қорғау. Мәдени бірегейліктің қоғамдағы маңыздылығын бағалау. Жаһандық мәселелер мен мәдениетаралық айырмашылықтарды анықтау. Басқа мәдениет өкілдеріне құрметпен қарау негізінде қарым қатынас құру дағдысын қалыптастыру. Ақпаратты таңдай білу, мәселе бойынша дәлелдер.

Тақырып 5. Көркем-технологиялық даму бағытының мамандандырылған құрамдас бөлігінің орта мектептегі сипаттамасы

Көркем технологиялық бағыттағы жаһандық құзыреттіліктерді сипаттау. Мәдени бағыттағы жаһандық құзыреттерді қолдану мүмкіндіктерін анықтау. Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Мамандық бойынша жаһандық құзыреттер. Әлеуметтік-экономикалық бағытта жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін матрицаларды әзірлеу. Жаңа білім мен іс-әрекет әдістерін зерделеу және алғашқы есте сақтау.

Тақырып 6. Жаһандану жағдайында педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының көрсеткіштері, мазмұны мен деңгейлері

Ақпараттың құндылығын, сенімділігін, деректілігін, оның ішкі сәйкестігін нақты мәліметтерге, өзінің білімі мен тәжірибесіне сәйкес бағалай білу және оны практикада қолдану. Заманауи психологиялық-педагогикалық технологияларды, ғылыми негізделген қолдау бағдарламаларын әзірлеу және қолдану, оқушылармен жұмыс жасаудың жаңа құралдары мен әдістерін іздестіруге, диагностикалық әдістерді бейімдеуге қабілетті болу, практикада қолдану. Тәуекелді қалай азайтуға болатынын білу, инновацияның жаңа көздерін іздеу, шығармашылық құралдарды пайдалану және нарыққа бейімдей білу, практикада қолдану. Басқа адамдардың құқықтарын тану және құрметтеу, қарым-қатынаста агрессияның болмауы, эмпатия қабілеті, өз мәдениетінің құндылықтарын түсіну арқылы басқа мәдениеттерге құрметпен қарау, өзін-өзі бағалауға қабілетті болу.

Тақырып 7. Жаһандану жағдайында педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін талдау.

Жаһандану жағдайында педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үрдісін оның ішкі және сыртқы жүйелік қасиеттері мен байланыстары тұрғысынан күрделі педагогикалық жүйе ретінде тұтас зерттеу, Педагогтердің кәсіби құзыреттілікті дамыту моделінің жүйелік құрылымын анықтауға және зерттелетін феноменнің сипаттамаларын мазмұндауға бағытталған кәсіби менеджмент. Бағыт бойынша персонал жұмысының тиімділігін бағалау критерийлері. Іскерлік мінез-құлық принциптерін қолдану.

Тақырып 8. Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыру

Yang Liua, Yue Yinb, Ruilin Wu «Педагогтердің жаһандық құзыреттілігін өлшеу: қытай үлгісіндегі құралды әзірлеу және эмпирикалық зерттеу». Yingshan Bao , Fangwei Zhu , Yue Hu, Ning Cui, Yuan Gu «Шиеленістерді шешу бойынша голландиялық тесті». Mallinckrodt, B., Miles, J. R., Bhaskar, T., Chery, N., Choi, G.Sung, M. R. «Күнделікті көпмәдениетті құзыреттер /этномәдени эмпатияның қайта бейімделген шкаласы». Педагог-психологтар (практик мамандар) зерттеліп отырған қызығушылығын анықтауға бағытталған сауалнама; Зерттеліп отырған мәселеге жеке көзқарастары мен тәжірибесі бойынша сұхбат.

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Білім беру процесі курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес (1-кесте) ұйымдастырылады. 80 сағаттық курстың оқу үрдісін ұйымдастыру «Теориялық-нормативтік модуль», «Педагогикалық-әдіснамалық модуль»және «Әдістемелік-технологиялық модуль» деп аталатын 3 модульды қамтиды. Сабақ түрлері оқытудың негізгі формалары – дәрістер мен практикалық сабақтардан тұратын аудиториялық оқу, Classroom білім беру платформасында тапсырмалар беріліп, тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары болып табылады.

Курстың «Теориялық-нормативтік модуль»сабақтарында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жаһандық талаптарға сәйкес дамытуға қоғамның сұранысы мен оны дамытуға педагогтердің дайындығы мәселесінің зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі, жаһандану жағдайында олардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесін зерттеу қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің айқындалмауы арасындағы мәселелер қарастырылады. Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің мәні анықталып, құрамы айқындалып, оның сипаттамасы негізделеді. «Теориялық-нормативтік модульдің» жалпы көлемі – 10 сағат.

«Педагогикалық-әдіснамалық модульде» жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігі дамуының инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттерге сәйкес көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалады. Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалып, тұжырымдамалық, мазмұндық және нәтижелік бөліктерден тұратын құрылымдық-мазмұндық моделімен танысады. Жалпы көлемі – 30 сағат.

Курстың «Әдістемелік-технологиялық модульде» жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың мотивациялық, білімділік, біліктілік кезеңдерден тұратын әдістемесімен танысу және оның тиімділігі тәжірибе жүзінде тексеру мәселесі талданады. Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың деңгейлерін Б. Блум таксономиясына негіздеп айқындайтын диагностикасын; жаһандану жағдайында олардың кәсіби құзыреттілігін мотивациялық, білімділік, біліктілік кезеңдермен дамытудың әдістемесін «Жаһандану жағдайында педагогтердің

кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренингін, «10 сұхбат» аудиториядан тыс іс-шаралары жоспарымен танысу, инновациялық әдіс-тәсілдер.

Модульдың ұзақтығы 31сағат.

1-кесте: курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	МАЗМҰНЫ	Академиялық сағат саны, сабақ түрі			
		Дәріс	Тәжір	ТӨЖ	Барл
I. Теориялық-нормативтік модуль		4	4	5	13
1	«Жаһандану», «Жаһандық білім беру» ұғымдарының мәні. Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің құрамы мен мәндік сипаттамасы.	2	2	2	6
2	Ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты даму шаралары. Жүйелік көшбасшылық. Басқа адамдардың көзқарастары мен дүниетанымдарын түсіну және бағалау.	2	2	3	7
II. Педагогикалық-әдіснамалық модуль		8	16	12	36
1	Жергілікті және жаһандық мәселелерді шешу. Эмпатия мен ынтымақтасу қабілетіне негізделген қарым қатынас этикасын қалыптастыру. Қақтығыстардың мәні мен себептерін түсіну.	2	4	2	8
2	Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі	2	4	4	10
3	Мәдени сәйкестікті қалыптастыру. Мәдени, діни және басқа айырмашылықтардың әртүрлі ұлттардың көзқарастарына әсері. Әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесі. Мәдениетаралық коммуникация.	2	4	4	10
4	Қаржылық және мультимедиялық сауаттылық. Отбасылық бюджетті жоспарлау	2	4	2	8
III. Әдістемелік-технологиялық модуль		12	12	6	30
1	Заманауи психологиялық-	4	4	2	10

	педагогикалық технологияларды, ғылыми негізделген қолдау бағдарламаларын әзірлеу және қолдану, оқушылармен жұмыс жасаудың жаңа құралдары мен әдістерін іздестіруге, диагностикалық әдістерді бейімдеуге қабілетті болу, практикада қолдану.				
2	Сыни ойлау көрсеткіші деңгейінің диагностикасы. «Күнделікті көпмәдениетті құзыреттер /этномәдени эмпатияның қайта бейімделген шкаласы».	4	4	2	10
3	Зерттеліп отырған мәселеге жеке көзқарастары мен тәжірибесі бойынша сұхбат.	4	4	2	10
Қорытынды аттестация		1			
Барлығы		24	32	24	80

Тәжірибелік сабақтарда тыңдаушылардың кәсіби әлеуеттері тақырып аясында жоспарланған тапсырмаларды орындауға жұмылдырылады. Бұл үрдіс дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажоспар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, іскерлік ойындар және т.б. әдістер мен техникалардың көмегімен жүзеге асады. Тәжірибелік сабақтардың тапсырмалары 2-кестеде бейнеленді және олардың ұзақтығы – 22 сағат.

Курстың соңында тыңдаушылар Google формасында тестілеуден өтеді.

2-кесте: тәжірибелік сабақтардың бағдарламасы

Тақырып	Кіріспе	Тақырыпты тұжырымдау	Жаттығулар, ойындар	Талқылау	Кері байланыс, рефлексия
Жеке тұлғаны дамыту үшін жаһандық құзыреттіліктердің маңыздылығын түсіну; жаһандық	Білім мен іс әрекет әдістерін кешенді қолдану	Жаңа білім мен іс-әрекет әдістерін зерделеу және алғашқы есте сақтау	Өзгертулер мен түзетулер енгізу, Жаңа мақсаттар қою	Нормативті құжаттарды талқылау	«Табыс баспалдағы» стратегиясы

құзыреттілік мәдениетін насихаттау					
Жаһандық құзыреттерді қолдану Жаһандық құзыреттіліктерді сипаттау. Зерттеу нәтижелерін бағалауды қалыптастыру..	«Таңғы тілек» техникасы	мұғалімдердің өзара қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау бойынша жүргізілген ізденістерге талдау жасау	Мақсат, критерийлер, үлгі, тыңдаушылар арасындағы кері байланыс	Жұмыс барысын, пікір, тапсырмаға қатысты бөлуді ұйымдастыру	Өткен жұмыстардың портфолиясы шарты бойынша қорытынды нәтиже көрсету
Жаһандық құзыреттіліктерді дамыту жолдары Жаһандық құзыреттіліктерді сипаттау Зерттеу нәтижелерін бағалауды қалыптастырады.	«Күншуақ» техникасы	Жаңа білім мен іс-әрекет әдістерін зерделеу және алғашқы есте сақтау	Әр топтың өкілдерінен тұратын сарапшылар тобында ЖИГСО әдісі бойынша тапсырма әзірлеу.	Өткен тақырыппен салыстыра отырып өзін-өзі жетілдіруді тексеру.	«Білемін. Білдім. Білетін болам» стратегиясы

Жоспарлау дағдылары н қалыптастыру және отбасылық бюджетті басқару. Отбасы үшін қаржылық қауіпсіздік жастығын қалыптастыру.	«Менің қалауым» техникасы	Негізгі зерттеудің ойын толық түсіну білігінің болуы; - логикалық қорытындыны жеңіл түрде жасау, салыстыру, өзара байланыс орнату, топтастыру іскерлігінің болуы; - пайымның дұрыстығын мәтінге сүйене отырып бағалау әрекетінің болуы	Рефлексивті-бағалаушылық	Топтық таныстырылымдағы бейне жазу	Жұмыс жоспарын құрастыру
білім алушылар да жаһандық құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған жобаларды іске асыру үшін әртүрлі	«Жалғастыр» техникасы	Интеграциялық білім беру нәтижелерін бағалау критерийлерімен және нысандарымен танысу	Мұғалімдер танымдық дамуға арналған дәлелдемелерді анықтауды үйренеді және өзін-өзі реттеуге көмектесу үшін өздерінің жағдайларында	Кешенді көмек маңызы.	Фишбоун стратегиясы

әдістер мен тәсілдерді қолдануды үйрету			инновацияларды зерделейді		
Эмпатия мен ынтымақта су қабілетіне негізделген қарым қатынас этикасын қалыптастыру. Қақтығыстардың мәні мен себептерін түсіну.	Мен – ерекше мін техникасы	Белсенді әдістерді, тәсілдерді және оқыту стратегияларын қолдану ұсынылады	Портфолио ны құрастырудағы өзінділік пен дербестік	Білім беру бағдарламаларын бейімдеу Оқу материал д. бейімдеу.	Синквейн стратегиясы
Климаттың өзгеруі. Ауаның және судың ластануы Жергілікті және ғаламдық деңгейде экологиялық қақтығыстарды шешу жолдары	Ой толғанысқа негізделген материал	STEM/STEAM технологияларын қолдану бойынша ұсынымдар қалыптас ады	Әріптестердің пікірлерінен қорытынды шығару	Оқыту білім алушылардың жаңа ақпаратты түсінулерін, тәжірибе жинақтауды өзгерту үшін қолданылатын дағдылар.	Ережелер мен қағидаларды, негізгі ұғымдарды білу

Жеке бағдарламаны әзірлеу – дербес шығармашылық қатынас және ұжымдық іс-әрекет екенін түсіну, тыңдаушыларды жаңа кәсіби белеске көтереді. Жобалық менеджменттің команда құраушы әлеуетін оңтайлы қолдануды меңгеру арқылы, тыңдаушылар өздері қызмет ететін педагогикалық ұжымның еңбек өнімділігі мен табыстылығының артуына ықпал етеді. Осылайша, дербестігі мен шығармашылық қатынасының арқасында, білім беру үрдісінде көшбасшылық мәртебесіне көтерілген курс тыңдаушысының соңынан

ерген әріптестерін «Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» біліктілікті арттыру курсының келешектегі әлеуетті тыңдаушылары болары сөзсіз.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері қолданылады. Ол үшін келесі қызмет түрлері іске асырылады: оқыту үрдісінің оқу-әдістемелік әдебиеттермен және оқу ресурстарымен қамтамасыз етілуі; ТӨЖ тапсырмаларын күнделікті әзірлеуді бақылау және оларға кері байланыс жасап отыру; оқу үрдісіне заманауи әдістемелерді, оқыту технологияларын және оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды енгізуді үйлестіру; тыңдаушылардың өнімдерін презентациялауды ұйымдастыру.

Курсты оқыту барысында дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажазба, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б. әдістер қолданылады.

Бағдарламаның тиімділігін арттыру мақсатында, курстың инновациялық толтырылуы қамтамасыз етіледі. Олар: дәріс сабақтарының презентациялары, тәжірибелік сабақтардың тапсырмалары, ТӨЖ тақырыптары, қолданылатын технологиялардың тізімі: дамыта оқыту, сараланған оқыту, СТО, интерактивті әдістер: кейс-стади, Smart мақсат, SWOT-талдау, брейнштурминг, инновациялық тәжірибелер: трансформациялық жаттығулар, іскерлік ойындары, эзотерикалық техникалар т.б.

Курстың мақсаттары мен міндеттерін дұрыс анықтау тыңдаушылардың нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал ететіні анық. Олай болса, курсты аяқтағанда тыңдаушы қол жеткізуі тиіс түпкі мақсаттарына жету үшін, өлшеу және бағалау әдістері қарастырылады; әр тыңдаушының жеке білім траекториясы анықталады; іс-шаралар жоспары жасалады; олар үшін алға қойған мақсатқа жетуге көмектесетін нақты тапсырмалар құрастырылады; оқу тапсырмаларын орындауды бағалаудың тиімді әдістері іріктеледі; курс шеңберіндегі тапсырмалардың заманауи-кәсіби әлеуеті қамтамасыз етіледі. Осы шарттарды жүзеге асыру барысында мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін ескеру қажет: тыңдаушылардың қызығушылықтары мен ынта-ықыластарын ұстап тұратындай белсенді оқуды ұйымдастыру; тыңдаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, әртүрлі оқу стильдері мен дайындық деңгейлеріне бағдарланған жеке қатынас; тыңдаушы өз ой-әсерлерімен бөлісе алатындай және үрдісті жақсарту мақсатында ұсыныстар жасай алатындай, кері байланыс тетіктерін қамтамасыз ету.

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Тыңдаушылардың оқу нәтижелерін бағалау: «Жаһандану жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» біліктілікті арттыру курсының

ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бағалау әдістерінің тиімділігі оқыту нәтижелілігін көрсетеді.

Тыңдаушылардың белсенділігін бағалау шкаласы

Бағалау түрі		Бағалау компоненттері	%	Балл	Қорытынды баға(%)		
Сабаққа қатысуы		-	10	10	10		
Қалыптастырушы бағалау	Тыңдаушының белсенділігі(20)	Сабақтың әртүрлі кезеңдеріне қатысуы	5	5	40		
		Топтағы басқатындаушылар-мен өзара әрекеттесуі	5	5			
	Практикалық жұмыс(20)	Жауап беру дәрежесі / жеделдігі	5	5	5		
		Жаңа идеяларды / шешімдерді ұсынуы	5	5			
		Жиынтық бағалау	Тыңдаушының жеке/жұптық / топтық жұмысы (СӨЖ және қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындауы)	5		5	5
			Кейстерді талдауы / жағдаяттық есептерді шешуі / сабақ үзінділерін құрастыруы / эссе	5		5	
Қорытынды тест			50	21-24	40		

4-кесте:Дескрипторды дәстүрлі бағалау жүйесіне көшіру

Баға	Дескриптор
«өте жақсы»	9 - 10 балл
«жақсы»	6 - 8 балл
«қанағаттанарлық»	3 - 5 балл
«қанағаттанарлықсыз»	0 - 2 бал

5-кесте: Жеке бағдарламаны бағалау критерийі

Мазмұн	Критерий	Дескриптор
Функционалдылық	Жеке бағдарлама өзінің негізгі функцияларын қаншалықты жақсы орындайды және өз мақсаттарына жетеді.	2 балл 1 балл 0 балл
Қолданудың қарапайымдылығы	Интерфейс пен жеке бағдарламамен жұмыс істеу процесі қаншалықты оңай және интуитивті	2 балл 1 балл 0 балл
Тиімділік	Жеке бағдарлама пайдаланушыларға қажетті нәтижелерге қол жеткізуге немесе белгілі бір дағдыларды дамытуға қаншалықты тиімді көмектеседі	2 балл 1 балл 0 балл
Сенімділік	Жеке бағдарламаның қатесіз және үзіліссіз қаншалықты тұрақты және сенімді жұмыс істейтіні	2 балл 1 балл 0 балл
Инновация	Жеке бағдарлама өз саласында инновациялық және заманауи шешімдерді қаншалықты ұсынады және пайдаланушылардың дамуына ықпал етеді	2 балл 1 балл 0 балл

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау online режимінде, қашықтықтан жүзеге асырылады. Ол үшін WhatsApp желісі және e-mail қызметі қолданылады. Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері:

- жеке бағдарламасы «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған тыңдаушыға әдістемелік көмек көрсету; ол үшін курстың озат тыңдаушылары және өнімі төмен бағаланған тыңдаушымен бірге қызмет ететін әріптестері (курстың бұрынғы немесе қазіргі озат тыңдаушылары) 1 ай мерзім ішінде менторлық сүйемелдеуді жүзеге асырады. Курстан кейінгі қолдау форматы, нысандары мен әдістері жағдайға қарай икемделуі мүмкін.

10. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы(14.07.2022ж. өзгертулер мен толықтырулармен) online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/docs/P2300000249>.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031#z1165>
4. “Педагог” кәсіби стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығымен бекітілген <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149>
5. Қазақстан Республикасының «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген.
6. Намазбаева Ж.И. Психологическое обеспечение развития интеллектуально-творческой личности в образовательной среде // Психология обучения. – 2014. – №6. – С. 13-21.
7. Тоқсанбаева Н.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі: оқу құр. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 194 б.
8. Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Технология трехмерной методической системы обучения: сущность и применение. – Алматы: Зерде, 2018. – 480 с.
9. Abdullayeva P.T., Abdullayeva Zh.T. Problems of formation of diagnostic competence of specialists in education in psychological and pedagogical literature // Bulletin of KazNPU named after Abai. – 2020. – Vol. 62, Issue 1. – P. 303-309.
10. Дахин А.Н. Моделирование в педагогике // Идеи и идеалы. – 2010. – №1(3). – С. 11-20.
11. Реутова Е.А. Применение активных и интерактивных методов обучения в образовательном процессе вуза. – Новосибирск: НГАУ, 2012. – 58 с.
12. Вербницкий А.А., Ильязова М.Д. Инварианты профессионализма: проблемы формирования: монография. – М: Логос, 2011. – 288 с.